



БҰЙРЫҚ

30.04.2024 ж.

Үшарал қаласы

ПРИКАЗ

№ 43-р

город Ушарал

«Алакөл мемлекеттік табиғи қорығы» РММ-нің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің 09.02.2024 жылғы № ПР-14771 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын және Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау нысанына ішкі талдау жүргізу кестесін бекіту туралы» бұйрығының негізінде, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңы, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығын басшылыққа ала отырып

БҰЙЫРАМЫН:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Алакөл мемлекеттік табиғи қорығы» РММ бөлімдерінің қызметіне жүргізілсін.
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бөлімдердің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыттарында жүргізілсін.
3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізетін жұмыс тобының құрамы осы бұйрыққа № 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.
4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бөлімдер қызметінің 2023 жылды қамтысын.
5. 2024 жылғы мамыр айының 01-нен 31-не дейінгі мерзім сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу уақыты болып белгіленсін.
6. Ішкі талдауды жүргізуге, жұмыстың нәтижесіне басшылық жасауға, үйлестіруге жауапты болып заңгер Жабелов Айбек Серікқазыұлы белгіленсін.

Директор

Қ.А.Абылқасымов